Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың үшінші бөлігіндегі «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 8-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацындағы «Кеңесіне», «Кеңестің» деген сөздер тиісінше «Сотына», «Соттың» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 112-бапта:

тақырып «құралдары» деген сөзден кейін «және онлайн-платформалар» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

«1-1. Телерадио хабарларын тарату субъектілерінің жаңалықтар, талдау бағдарламаларында кез келген үгіт материалдарын таратуы –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

екінші бөліктің бірінші абзацы «ақпарат құралдарының» деген сөздерден кейін «, онлайн-платформаларды пайдаланушылардың» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 113-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік билік органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға (республикалық референдумға) дайындық пен оны өткізу кезеңінде үгіт материалдарын шығарған ұйымдар (баспа материалдары бойынша – олардың басылған жері мен таралымы), тапсырыс берген тұлғалар және қандай қаражаттан төленгені туралы ақпараты жоқ осындай материалдарды дайындау немесе тарату, сондай-ақ үгіт материалдарын Қазақстан Республикасының аумағының шегінен тыс жерде дайындау, анонимдік үгіт материалдарын тарату –»;

5) 246-1-баптың ескертпесінің 2-тармағындағы «республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) мынадай мазмұндағы 653-1-баппен толықтырылсын:

«653-1-бап. Конституциялық Сотқа құрметтемеушілік білдіру

1. Конституциялық процеске қатысушылардың, өтінішті қарау кезінде тартылатын өзге де адамдар мен органдардың, олардың өкілдерінің қатысуынсыз өтінішті одан әрі қарау мүмкін болмаған жағдайларда хабардар ету немесе шақыру бойынша Конституциялық Сотқа дәлелсіз себептермен келмеуінен, отырыста төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, Конституциялық Сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген Конституциялық Сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ Конституциялық Сотты және (немесе) Конституциялық Соттың судьясын құрметтемеушілік туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) –

ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.»;

7) 668-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«668-1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің заңды қызметіне араласу не кедергі келтіру, оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілінің заңды қызметіне кедергі келтіру»;

бірінші абзац «кедергі келтіру» деген сөздерден кейін «, оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілінің «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көрсетілген ұйымдар мен мекемелердегі адамдарға кедергісіз баруын және олармен қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етпеуден көрінген заңды қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіру» деген сөздермен толықтырылсын;

8) 722-1-бапта:

тақырыптағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 741-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 804-баптың бірінші бөлігінде:

47) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының» деген сөздермен ауыстырылсын;

68) тармақшадағы «667-баптар) уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының құқығы бар.» деген сөздер «667-баптар);» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 69) тармақшамен толықтырылсын:

«69) Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты аппаратының (653-1-бап) уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының құқығы бар.»;

11) 852-баптың екінші бөлігінің 5) тармақшасындағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 858-баптың 4) тармақшасындағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 872-бапта:

тақырыптағы «Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне» деген сөздер «Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағасының орынбасарына немесе судьясына» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі «Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін» деген сөздер «Конституциялық Сотының Төрағасын, Төрағасының орынбасарын немесе судьясын» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін» деген сөздер «Конституциялық Сотының Төрағасын, Төрағасының орынбасарын немесе судьясын» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 874-1 бапта:

бірінші бөліктегі «Бас Прокурорының» деген сөздер «Парламенті Сенатының» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің ведомстволық бағыныстылығына сәйкес мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «Мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Парламент Сенатының» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 875-бапта:

тақырыптағы «Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшелеріне» деген сөздер «Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағасының орынбасарына немесе судьясына» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшелеріне» деген сөздер «Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағасының орынбасарына немесе судьясына» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң:

1) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1), 2), 6), 9) тармақшаларын, 10) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 11), 12), 13) және 15) тармақшаларын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5) және 8) тармақшаларын, 10) тармақшасының екінші абзацын және 14) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Президенті**

Дұрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Н.Шайынтаева.

Проект

# ЗАКОН
# РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях

Статья 1. Внести в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года следующие изменения и дополнения:

1) в части третьей статьи 1 слово «Совета» заменить словом «Суда»;

2) в абзаце первом части третьей статьи 8 слова «Совет», «Совета» заменить соответственно словами «Суд», «Суда»;

3) в статье 112:

заголовок дополнить словами «и онлайн-платформы»;

дополнить частью 1-1 следующего содержания:

«1-1. Распространение субъектами телерадиовещания любых агитационных материалов в новостных, аналитических программах –

влечет штраф в размере пятидесяти месячных расчетных показателей.»;

абзац первый части второй после слов «массовой информации» дополнить словами «, пользователями онлайн-платформ»;

4) абзац первый статьи 113 изложить в следующей редакции:

«Изготовление или распространение в период подготовки и проведения выборов в органы государственной власти и органы местного самоуправления (республиканского референдума) агитационных материалов,

не содержащих информацию об организациях, выпустивших данные материалы (по печатным материалам – месте их печатания и тираже), лицах, сделавших заказ, и из каких средств оплачено, а также изготовление агитационных материалов за пределами территории Республики Казахстан, распространение анонимных агитационных материалов –»;

5) в пункте 2 примечаний статьи 246-1 слова «Счетным комитетом по контролю за исполнением республиканского бюджета» заменить словами «Высшей аудиторской палатой Республики Казахстан»;

6) дополнить статьей 653-1 следующего содержания:

«Статья 653-1. Проявление неуважения
к Конституционному Суду

1. Неуважение к Конституционному Суду, выразившееся в неявке в Конституционный Суд без уважительных причин участников конституционного производства, иных лиц и органов, привлекаемых при рассмотрении обращения, их представителей по уведомлению или вызову в случаях, когда дальнейшее рассмотрение обращения в их отсутствие представляется невозможным, неподчинении распоряжениям председательствующего в заседании, нарушении установленных в Конституционном Суде правил, а также иные действия (бездействие), явно свидетельствующие о неуважении к Конституционному Суду и (или) судье Конституционного Суда, –

влекут предупреждение либо штраф в размере двадцати месячных расчетных показателей либо административный арест на срок до пяти суток.

2. Действия (бездействие), предусмотренные частью первой настоящей статьи, совершенные повторно в течение года после наложения административного взыскания, –

влекут штраф в размере тридцати месячных расчетных показателей либо административный арест на срок до десяти суток.»;

7) в статье 668-1:

заголовок изложить в следующей редакции:

«Статья 668-1. Вмешательство либо воспрепятствование законной деятельности Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан, воспрепятствование законной деятельности его представителя в области, городе республиканского значения, столице»;

абзац первый после слов «служебных обязанностей» дополнить словами «, воспрепятствование осуществлению законной деятельности его представителя в области, городе республиканского значения, столице, выразившееся в необеспечении беспрепятственного посещения и общения с лицами, находящимися в организациях и учреждениях, указанных в Конституционном законе Республики Казахстан «Об Уполномоченном по правам человека в Республике Казахстан,»;

8) в статье 722-1:

в заголовке слова «Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета» заменить словами «Высшая аудиторская палата Республики Казахстан»;

в части первой слова «Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета» заменить словами «Высшая аудиторская палата Республики Казахстан»;

в части второй слова «Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета» заменить словами «Высшей аудиторской палаты Республики Казахстан»;

9) в подпункте 4) части первой статьи 741 слово «Советом» заменить словом «Судом»;

10) в части первой статьи 804:

в подпункте 47) слова «Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета» заменить словами «Высшей аудиторской палаты Республики Казахстан»;

дополнить подпунктом 69) следующего содержания:

«69) аппарата Конституционного Суда Республики Казахстан (статья 653 -1).»;

11) в подпункте 5) части второй статьи 852 слово «Советом» заменить словом «Судом»;

12) в подпункте 4) статьи 858 слово «Совета» заменить словом «Суда»;

13) в статье 872:

в заголовке слова «Председателя или члена Конституционного Совета» заменить словами «Председателя, заместителя Председателя или судьи Конституционного Суда»;

в части первой слова «Председатель или члены Конституционного Совета» заменить словами «Председатель, заместитель Председателя или

судья Конституционного Суда»;

в части второй слова «Председателя или членов Конституционного Совета», «Председателя или члена Конституционного Совета» заменить соответственно словами «Председателя, заместителя Председателя или судьи Конституционного Суда»;

14) в статье 874-1:

в части первой слова «Генерального Прокурора» заменить словами «Сената Парламента»;

в части второй слова «первый руководитель государственного органа в соответствии с подведомственностью дел об административных правонарушениях вносит представление Генеральному Прокурору Республики Казахстан» заменить словами «Генеральный Прокурор Республики Казахстан вносит представление в Сенат Парламента Республики Казахстан»;

в части третьей слова «первым руководителем государственного органа решения Генерального Прокурора» заменить словами «Генеральным Прокурором Республики Казахстан решения Сената Парламента»;

15) в статье 875:

в заголовке слова «Председателя или членов Конституционного Совета» заменить словами «Председателя, заместителя Председателя или судьи Конституционного Суда»;

в части второй слова «Председателю или членам Конституционного Совета» заменить словами «Председателю, заместителю Председателя или судье Конституционного Суда».

Статья 2. Настоящий Закон вводится в действие по истечении шестидесяти календарных дней после дня его первого официального опубликования, за исключением:

1) подпунктов 1), 2), 6) и 9), абзацев третьего и четвертого подпункта 10), подпунктов 11), 12), 13) и 15) статьи 1, которые вводятся в действие с 1 января 2023 года;

2) подпунктов 5) и 8), абзаца второго подпункта 10) и подпункта 14) статьи 1, которые вводятся в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого

официального опубликования.

**Президент**
**Республики Казахстан**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ АППАРАТЫ
ҚҰЖАТТАМАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІ

Верно: Заведующий сектором Отдела документационного обеспечения [подпись] Н. Шайынтаева.